

Ауыл мектептерінің әлеуеті артып келеді



3-БЕТ

Еркебұлан ЖЕТПІСБАЕВ, Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы:

«Тауар таңбасын заңсыз пайдалануға жол берілмейді»



5-БЕТ

Орны ауысқан бір сөз



8-БЕТ



• МІНБЕР

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ – ЕЛ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДЫҢ НЕГІЗІ



Әділхад ШЫҒАМБАЕВ, Қызылорда облыстық сотының төрағасы

Еліміздің сот жүйесінің негізгі қағидаттары Конституцияға сәйкес жүзеге асырылады. Ата Заңымыздың негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің сот жүйесінде түбегейлі реформалар жүргізіліп, сол арқылы жалпыұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру мәселелеріне басымдық берілді. Соның нәтижесінде, елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, заңның үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесі қалыптасты.

Бітімге келу – берекенің бастауы

Қазақ билерінің төрелік айту дәстүрі тәуелсіз Қазақстанның тарихында сот жүйесіндегі татуластыру рәсімдерімен жалғасты. Қазіргі таңда сотқа дауласып келген азаматтарға алдымен татуластыру рәсімдерінің тиімділігі, дауды өзара ынтымақпен шешу, бітімгершілікке келу жөнінде түсіндіріледі. Соттар тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі.

(Соңы 2-бетте)

✉ zangazet@mail.ru

№16 (3645) 27 ақпан 2024



газеті

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



А.МЕРҒАЛИЕВ, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы:

«АЗАМАТТАРДЫ РЕФОРМА ЕМЕС, ТӨРЕЛІКТІҢ САПАСЫ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ»

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің көшпелі отырысында сөз сөйледі. Іс-шара елорданың аудандық соттар ғимаратында өтті. Оның жұмысына ЖС алқаларының төрағалары және Сот әкімшілігінің (СӘ) басшылығы қатысты.

(Соңы 3-бетте)

• БІР МҮДДЕ

ЖАҢА ҒИМАРАТ ЕСІГІН АШТЫ

Павлодарда бірінші сатыдағы соттардың жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашылды. Шарада ЖС төрағасы А.Мерғалиев пен Павлодар қаласының әкімі А.Байханов Президенттің жаңа, әділетті Қазақстанды құру туралы идеясының маңыздылығын және алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға қоғамның барлық саласында назар аударылғанын атап өтті.

Ресми бөлімнен кейін іс-шараға қатысушылар мен қонақтар 8,5 мың шаршы метрлік 3 қабатты ғимаратты аралап көрді. Мұнда қалалық, сондай-ақ Павлодар қаласының 4 мамандандырылған соты – қылмыстық, әкімшілік, тергеу және көмекшілікке толмағандар істері жөніндегі соттар (бұрын жалға алынған ғимараттарда отырған) орналасқан. Сот отырысы өтетін кең залдар, фронт-кеңсе, сондай-ақ медиаторлар, билер, психолог, адам құқықтары жөніндегі уәкілге арналған кабинеттер бар. Заманауи ауаны баптау және қауіпсіздік жүйелері жұмыс істейді. Облыстық сот ғимаратындағы

музейге А.Мерғалиев бірегей жәдігерді, яғни 1869 жылғы сот саласы билерінің төбелгісін сыйға тартты. Мұндай белгілер мемлекеттік билік пен сот төрелігі мәселелерінде ерекше орны бар Төле, Қазыбек және Әйтеке билерде де болған.

Осы күні А.Мерғалиев пен Н.Ахметзакиров облыстық сот корпусымен кездесті. Кеңесте облыстық сот алқаларының төрағалары Мұрат Солтыбаев, Серік Төлегенов және Мәди Рысбеков, сондай-ақ облыстық соттың төрағасы Бақытжан Қараманов атқарып жатқан жұмыстары туралы ақпарат берді.



Жоғарғы Сот төрағасы сот жүйесін жаңғырту аясындағы қадамдар туралы айта келіп, салаға ең кәсіби мықты мамандарды тарту үшін кадрлық және материалдық-техникалық әлеуетті нығайту сондай-ақ адам құқықтары мен соттардың тәуелсіздігін қорғау жүйесі, судьялар мен қызметкерлердің әлеуметтік пакетін жақсарту жөнінде айтты. Сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын қамтамасыз ету, нәлдік төзімділік таныту және сыбайлас

жемқорлықтың кез келген көріністерін табанды түрде жою қажеттігіне назар аударылды.

Шара соңында Жоғарғы Сот төрағасы облыстық соттың отставкадағы судьялары Майра Бикиева мен Ақылжан Тұрсынбековті «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапаттады.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

• КӨЗҚАРАС

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ БАҒДАРЫ

Гендерлік теңдік Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Мемлекет саясатының өзекті қырларының бірі. Гендерлік саясат – ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған. Осы орайда кеше ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ тағы да еліміздегі гендерлік теңдік мәселесіне қатысты өз ойын білдірді.

Ол «мемлекеттік аппараттағы әйелдердің үлесі 55 пайызға жуықтағанына карамастан басшылық құрамда бұл көрсеткіш 39 пайыздан аспайды. Өз тәжірибемнен білетінім, әйелдерді қызметке тарту керек. Біріншіден, ер адамдар ренжімесін, әйелдер жұмысқа өте мұқият, тиянақты қарайды. Ер адамдармен салыстырғанда, жемқорлық әрекеттерге бейім емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің статистикасы соған меңзейді. Саяси қызметкерлер арасында да елеулі теңсіздік байқалады. Олардың қатарындағы әйелдердің саны 10 пайызға жетпейді. Мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесіне қатысты да диспропорция бар. Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің, жастардың және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың санын көбейту керек. Олардың, әсіресе, басшылық құрамда қызмет етуіне барынша мүмкіндік берген жөн, – деді Президент.

Қазақстанда гендерлік саясатты жүргізу жұмысын Қазақстан Республикасы

Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық келісімшарттар аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. 1998 жылы қабылданған БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция солардың бірі болып табылады. Конвенция ережелерін, Қазақстанға қатысты тиісті комитеттің ұсынымдарын басшылыққа алып, іске асыру мақсатында гендерлік білім беру жұмысы жүргізіледі.

Қорыта келгенде, гендерлік саясат – әйелдердің теңдігі және оларды кемсітуге жол бермеуді заң жүзінде бекітудің тәжірибелік құндылығы. Бұл әйелдер құқығын іс



Айдана МАМБЕТКАЗИЕВА,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді. Осы орайда Президент көтерген еліміздегі гендерлік теңдік мәселесі шешімін табатынына сенім мол.

ТАРАТУ

2. «Ақиет-2017» ЖШС, БСН 170340010328, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021804, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қосшы а/о, Қосшы ауылы, Амангелді Иманов көшесі, 48 үй.

3. «Жасқыран» бөбекжай балабақшасы» ЖШС, БСН 161240015574, өз еркімен таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 160929, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Тегісіл ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Сүлеймен ата көшесі, 9 үй. Тел. 87028015985.

4. «MEGA-ICE» ЖШС, БСН 060840007115, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, әл-Фараби даңғылы, 30/1 үй, 120 пәтер. Тел. 87015159993.

5. «Техно Сервис Систем» ЖШС, БСН 091140017789, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» ықшамауданы, Мәди көшесі, 2А үй. Тел. 87015159993.

6. «AlmaStroy ltd» ЖШС, БСН 081140003460, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Мирас» шағынауданы, 128/2 үй, пошта индексі 050043. Тел. 87017399667.

7. «ҚФО Тревел» ЖШС, БСН 070240024333 (Алматы қаласы, Сәтбаева көшесі, 29/3 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 58 үй, 51 пәтер. Тел. 87012527777.

10. «Туған ауылым-Бақалы» ҚК, БСН 110240002927, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Сарканд ауданы, Бақалы ауылы, Магазин көшесі, 11 үй. Тел. 87775341502.

11. «Қазақстан бизнес-білім Ассоциациясы» ЖШС (БСН 090940003865) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, «Авиатор-2» ауданы, Гүлдер көшесі, 18 үй, тел. 55-61-33.

12. «КРЕДО-2005» ЖШС, БСН 050940011591, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 29, тел. +77073597663.

13. «Мадрид-2019» ЖШС, БСН 190340005602, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 34, 11. тел. +77013455225.

14. ҚР Алматы қаласы «Суреткерлер одағының жастар бірлестігі» ҚК, БСН 000440017692, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қаскелең қаласы, Қарасай ауданы, Бұрабай көшесі, 60 үй, тел. 87082827719.

17. «Бірлестік и БИ» микрокредиттік ұйымы» ЖШС (БСН 101040009472) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылдық округі, Шиелі ауылы, Тәжібаев көшесі, 20 үй.

ӘРТУРЛІ

16. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама
«Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (будан әрі – Серіктестік), (Ақтөбе қаласы, Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2024 жылғы 29 наурызда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес, «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді.
Қатысушыларды тіркеу 2024 жылғы 29 наурызда жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.
Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2024 жылғы 28 наурыздағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.
Жиналыс сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.
Күн тәртібі:
• 2023 жылғы «Шығыстүстімет» ЖШС қаржылық септілігін бекіту;
• «Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты үлестіру.
Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2024 жылғы 14 мамырда 11 сағат 00 минутта.
Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Ақтөбе қаласының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

21. Түркістан қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы №27 қаулысы негізінде Түркістан қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әлеуметтік қызмет көрсету» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Қамқорлық» жаңа орталығы» коммуналдық мекемесін қосу жолымен қайта құрылатынын хабарлаймыз.

Баспасөз – 2024

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне, «Заң» журналына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanklama@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zanklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874

МҰРАҒЕРЛІК

8. 2023 жылғы 29 шілдеде қайтыс болған Нұрымбетов Үбайділда Бағарұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

9. 17.09.2023 жылғы қайтыс болған Қуандықова Патшагул Нұрмағанбетқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

20. 21.12.2023 жылғы қайтыс болған мұра қалдырушы Дилтаев Махмутхан Спандияровичтің артында қалған мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан облысы, Ордабасы ауданының нотариусы Шаймерден Гүлнәр Сәуарқызына хабарласуы тиіс. Мекенжайы: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткүл ауылы, Д.А. Қонаев көшесі, 2/2 ғимараты. Тел. 87058527474.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы, сот жүйесінің ардагері

Кенес Жексенбекұлы ЖАЛМҰХАНБЕТОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялары ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құрметті отставкадағы судьясы

Кенес Жексенбекұлы ЖАЛМҰХАНБЕТОВТІҢ

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы

ЖАЛМҰХАНБЕТОВ Кенес Жексенбекұлының

меңгізсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazat.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.